

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Аяпова Т.Т. Сөйлеу әрекетінің онтогенезі: синтаксистік семантиканың дамуы. – Алматы, 2003. – 303 б.
- 2 Садирова К.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. – Ақтөбе: Ақтөбе университеті, 2008. – 429 б.
- 3 Нұрлыбаев Н. М. Балаларға арналған мәтіндердегі жай сөйлемдер құрылымының лингвистикалық сипаты. – Алматы, 2010. – 132 б.
- 4 Clark, E.V. The lexicon in acquisition // Cambridge studies in linguistics. – 1993. – № 65. – P. 26-45
- 5 Toivainen, J. Inflectional affixes used by Finnish-speaking children aged 1-3 years. – Helsinki, 1980. – 305 p.

FTAXP 16.31

А.Ә. Жұмағұл¹, Х.А. Ордабекова¹
¹Сулейман Демирел университеті
Алматы қ., Қазақстан

КАРИКАТУРА — САЯСИ ДИСКУРСТЫҢ БІР ЖАНРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Бұл мақалада мәтінге лингвистикада қойылатын талаптар туралы жазылды. Уақыт өте келе мәтінге алғашқы уақыттарда берілген анықтамалар бүгінгі таңдағы мәтін ұғымын жан-жақты ашып бере алмайтындығы сөз етілді. Тіл білімінде мәтінді синтаксистік бірлік, бір ойды білдіретін, логикалық байланысқа құрылған сөйлемдер жиынтығы деп қана тану аясы тар тұжырым. Қазіргі таңда мәтін ақпараттылық, жинақтауыштық, модальдылық, адресаттылық, дискреттілік категориясына сәйкес келу керек. Бұл категориялар қазіргі тіл білімінде мәтін мен дискурсқа қойылатын талаптар іспетті. Осы категорияларға жауап бере алатын креолды мәтіндер болып табылады. Мақалада карикатураны креолды мәтіннің бір түрі ретінде алып, мазмұндық белгісіне сәйкес саяси дискурстың бір жанры болғандықтан, алдымен оның ақпараттылығын қарастырылады. Мақалада қазақ тіл білімінде алғаш рет карикатураны саяси дискурстың жанры ретінде қарастыру мәселесі жазылған.

Кілт сөздер: карикатура, креолды мәтін, саяси дискурс, саяси коммуникация, әлеуметтік институттар, дискурс құрылымы, қоғамдық функция, дискурс қызметі, мәнмәтін, жағдаят.

Аннотация. В данной статье описываются требования к текстовой лингвистике. С течением времени было установлено, что определения, приведенные в первоначальном тексте, не могут быть истолкованы в

настоящем тексте. Смысл лингвистического текста является синонимом синтаксической единицы, концептуального набора логических выражений, выражающих свою точку зрения. В настоящее время текст должен соответствовать категории информативности, модальности, достоверности. Эти категории - требования к тексту и дискурсу в современной лингвистике.

Авторы статьи рассматривают данные категории на примере гаитянских креольских текстов. В статье представлены различные карикатуры из гаитянских креольских текстов, которые являются одним из жанров политического дискурса. Авторы впервые рассмотрели существующие карикатуры в казахском языке как жанр политического дискурса.

Ключевые слова: карикатура, креольский текст, политический дискурс, политическая коммуникация, социальные институты, структура дискурса, общественная функция, функция дискурса, контекст, ситуация.

Abstract. In this article we write about linguistic requirements to a text. It is known that when time passes, definitions, which have been presented in initial times, do not give comprehensive concepts on today's texts. In linguistics concept of the text as the syntactic unit representing uniform sense, a logical number of offers are very close. Now the text has to correspond on information, accumulative, modal, address, discrete categories. These categories in modern linguistics as the text and requirements to a discourse. Creole texts can answer these categories. In this article having taken a caricature as one of types of the Creole text, its informational content, corresponding with a symbol of pithiness of a genre of a political discourse is considered at first. In this article the problem of consideration of the Kazakh linguistics for the first time as a caricature as a genre of a political discourse is described.

Key words: caricature, Creole text, political discourse, political communication, social institutes, structure of a discourse, public function, function of a discourse, context, situation.

Карикатура тек қана саяси дискурстың бір жанрлық түрі ғана емес. А.Н.Баранов, Д.Грейбер, Е.И.Шейгал сынды ғалымдар өзге де сарказм, ирониямен жазылатын басқа да жанрлар секілді саяси карикатураның саяси дискурстың жанрлық аясына кіретінін атап өткен.

Карикатураны саяси дискурстың бір жанры ретінде қарастыруға қаншалықты негіз бар екеніне тоқталмас бұрын В.И.Карасиктің дискурс табиғатын түсінуге ұсынатын 4 түрлі тәсілін атап өтсек:

- Коммуникативтік тәсіл. Дискурс вербальді қарым-қатынас, диалог ретінде түсініліп, ұжымдық-реттеуіштік, шығармашылық-тұлғалық сөйлеу бірлігі ретінде танылады.

- Құрылымдық-синтаксистік тәсіл. Дискурс мәтіннің бір фрагменті немесе мәтін мағынасыны қабылдаушының, тыңдарманның танымында түсінілуіне тікелей байланысты.
- Құрылымдық-стилистикалық тәсіл. Дискурс сөйлеу тілінің мәтіндік емес ұйымдастырушысы, бөліктерге бөлуде дәлдік сипаты аз, ассоциациялық байланыстардың басымдығы орын алып, жалпы жағдаяттарда жоғары контекстілік пен кенеттен туындау сипаты басым.
- Әлеуметтік-прагматикалық тәсіл. Бұл тәсілдің негізінде дискурс қарым-қатынас жағдаятында туындайтын мәтін ретінде түсіндіріледі [1].

Мәтіннің және дискурстың белгілік, коммуникативтік сипаты арқылы карикатураға анықтама беруге болады. Себебі ол өзінде белгілі бір ақпарат тасымалдап, паралингвистикалық және бейвербалды элементтерді бойында сақтап тілдік және тілдік емес белгілерді қамтиды.

Қазіргі таңда мәтін мен дискурс тілдік белгілерден бөлек басқа да элементтерді қамтитыны айтылып жүр. Бастапқы кездегідей мәтін тек қана белгілі бір ойды жеткізу мақсатында түзілген сөйлемдер жинағы деңгейінен көтеріліп, жағдаятпен, контекспен бірге қарастырылатын дәрежеге көтерілді. Ғалым М.М.Бахтин атап өткендей мәтін дегеніміз «кез-келген байланысқан белгілер жиынтығы» [2], яғни ол тек қана тілдік белгілер болу деген шарт жоқ екенін байқаймыз. Ғалым Арнольдтің пікірінше ол ақпаратты тасымалдау мен сақтаудың бір тәсілі. Осы тұжырымдарды қорытындылай келе карикатураны да мәтіннің бір түрі ретінде қарастыруға болады.

Саяси карикатураны мәтіннің бір түрі ретінде қарастыруымыздың бір шартты белгісі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асатын саяси коммуникацияның мәтіндері аясында қолданылуы болып табылады. Ғылыми еңбекте: «бұқаралық ақпарат кешенді мәтін болып табылады, ол өзіне әртүрлі белгілердің жүйесін қамтып, осындай жағдайда тілдік бөлім мен тілдік емес белгілердің арасы алшақтамай, бір бүтін жүйені құрайды» [3] деп атап өтіледі.

Лингвистика көп уақыт аралығында мәтін, тілдік белгілерден басқа бейвербалды элементтерді зерттеу объектісі ретінде қарастырудан қашқақтап келді. Ғалымдар мен ғылым да ондай қадамға белгілі бір кезеңде өзінің дайын емес екендігін көрсетті. Әйтсе де соңғы онжылдықта бұл мәселелер түбегейлі өзгерді, бейвербалды элементтерді лингвистиканың аясында қарастырып зерттеу кең тарала отырып, тіпті паралингвистика сынды салалар да қалыптасып үлгерді.

Лингвистикадағы бейвербалды элементтерді қамтыған мәтіннің бір түрі ол — креолды мәтіндер. Қазіргі таңда лингвистикада креолды мәтіндер деп «фактурасы гомогенді емес бөліктерден тұратын мәтіндер: вербалды (тілдік, сөйлесім әрекеті) және бейвербалды (табиғи тілден

басқа жүйелерге қатысты болып келетін белгілер)» танылады [4]. Креолды мәтіндердің мысалы ретінде плакаттар, жарнамалық мәтіндер, комикстер, карикатуралар, киномәтіндер, радиоақпараттың мәтіндерін, үндеу мен насихаттаудың көрнекілік құралдарды атап өтсек болады.


Ғалым Е.Е. Анисимова креолді мәтіндерді лингвистика тұрғысынан қарастыра келіп мынадай тұжырым жасайды: «мәтін ерекше лингвовизуалды феномен, вербалды және бейвербалды компоненттер визуалды, құрылымдық, мағыналық, функциялық жағынан бір бүтінге айнала отырып, адресатқа кешенді прагматикалық әсерін қамтамасыз етеді». Дискурсты бейвербалды белгілермен бірге алып қарастырғанда оның адресатқа әсерін арттырып, ақпаратты толық жеткізу мүмкіндігін арттыруға болады. «Жанды сөз» ретінде тек қана "мәтін" болып қалмай өз бойында бірнеше функцияны жинақтап, әртүрлі жүзеге асырады. Ғалым Е.Е.Анисимова [5] креолді мәтіндердің типологиясына қатысты классификациясында оның үш түрлі типін атап өтеді:

- креолдануы жоқ мәтін (мәтін таза вербалды болып келетін, сурет сынды басқа компоненттері жоқ);
- ішінара креолданған мәтін (вербалды бөлігі автономды болып келетін, суретке тікелей тәуелді емес, суретсіз де мағынасын толықтай беруге болатын, ал сурет мәтіннің вербалды бөлігінің бір элементі ретінде қарастырылатын мәтіндер);
- толықтай креолданған мәтіндер (вербалды бөлік суреттен тыс толық ақпарат тасымалдап, өмір сүре алатын мүмкіндігі болмаса бұл толықтай креолданған мәтіндер қатарына жатады. Осындай жағдайда вербалды бөлік керісінше бейвербалды бөліктің бір элементі секілді сипатта болады.

Карикатураны креолды мәтін ретінде саяси дискурстың бір жанры деп қарастырамыз. Креолды және вербалды мәтіндердің талдауы барысында, оларды мәтін немесе дискурс деп тануымыз үшін, бірнеше категорияларға сәйкес келуі керек. Мәтінді құрауға негіз болатын категорияларды құрастырып, ұсынған И.Р.Гальперин болатын. Бұл категориялар қазіргі таңда да мәтіннің негізгі категориялары ретінде қарастырылып, тіпті креолды мәтіндерге де қатысты болып келеді. Десе де вербалды және креолды мәтіндердің өздеріне тән ерекшеліктері, өзгешеліктері бар екенін жоққа шығара алмаймыз.

Мәтіннің негізгі категориялары саяси карикатурада қалай көрініс табатынына және негізгі түрлері қандай екенін атап өтсек, олар: ақпараттылық категориясы, жинақтауыштық категориясы, модальдылық категориясы, адресаттылық, дискреттілік категориясы. Бұл категориялар қазіргі тіл білімінде мәтін мен дискурсқа қойылатын талаптар іспетті. Біз карикатураны креолды мәтіннің бір түрі ретінде алып, мазмұндық белгісіне сәйкес саяси дискурстың бір жанры болғандықтан, алдымен оның ақпараттылығын қарастырамыз.


Карикатураны саяси дискурстың жанры ретінде қарастыра алуымыздың басты себебі оның өн бойында ақпарат, мәлімет болады. Карикатураны түсіну үшін адресат пен адресанттың жағдаят туралы хабары мен білімі болуы шарт. Сондықтан да басқа елдің азаматтарына түсінікті болған карикатура өзге елдің азаматтары үшін мүлде ешқандай ақпарат бермеуі мүмкін. Сондықтан да ол аялық білімге сай болып, оқырманның дайындығын қажет етеді.



Сур.1. Теңгенің құндыздануы мен мұнай бағасының теңгеге әсері

Сурет 1-ге сәйкес теңгенің хәлі мен мұнайдың бағасының құлдырауын көре аламыз. Мұнай баррелінің бағасының төмен түсуі еліміздің экономикасына әсер етіп, девальвацияның болуына әкеп соқты. Бұл карикатурада валюта бағамының қазіргі жағдайы мен ел экономикасындағы өзгерісті анық байқауға болады.





Сур.1. Қазақ тілінің қазіргі жағдайы. Үштілділіктің зардабы.

Қоғамда өзекті болып отырған қазіргі таңдағы қазақ тілінің жағдайы кімді болса да аладатады дей алмаймыз, алайды ұлтжанды азаматтар ол мәселені әрқашан көтеріп жүр. Қазақ тілін үйретудің нәтижесіздігі мен орыс, ағылшын тілдерінің қазақ тілінен үстемдігін байқауға болады.



Сур.3 Зейнетақы туралы заң жобасы.

Елімізде соңғы жылдары зейнетақы мәселесі өзекті болып тұр. Мемлекеттік маңызы бар шараларды қаржыландыру мен басқа мемлекеттердің банкіне қаржы аудары секілді көптеген жағдайлар орын алуда. осындай жағдайда қарапайым халықтың алаңдаушылық тудыруы да заңды құбылыс.

Қорыта келе, карикатура саяси дискурсқа тән талаптарға сәйкес келгендіктен оны саяси дискурстың бір жанры деп тануға болады. Біз бұл бөлімде карикатураны жанр ретінде тануға талпыныс жасадық, болашақта қазақ тіл білімінде зерттелуі керек тың тақырыптардың бірі деп атап өтуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Карасик В.И. Язык социального статуса. – М.: Ин-т языкознания РАН: Волгогр. гос. пед. ин-т, 1992. – 330 с.

2 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1979. – 423 с.

3 Аспекты общей и частной лингвистической теории текста – Москва : Наука, 1982. – 190 с.

4 Национально-культурная специфика речевого поведения / Леонтьев А.А., Сорокин Ю.А., Тарасов Е.Ф., др.– М.: Наука, 1977.– 352 с.

5 Анисимова Е.Е. О целостности и связности креолизованного текста (к постановке проблемы) // Филологические науки. – 1996. – № 5. – С. 70-85

FTAXP 16.41

Қ.А. Садықбеков¹

¹Сулейман Демирел университеті
Алматы қ., Қазақстан

МӘМЛҮК ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕГІ ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫ ЖАСАУШЫ ҚОСЫМШАЛАР

Аңдатпа. Шақ категориясы амал-әрекеттің орындалу мерзімінің сөйлеп тұрған уақытпен, яғни осы шақпен байланысын білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы. Алайда барлық амал-әрекеттің орындалу мерзімін өткен шақ, осы шақ және келер шақ деп үш өлшеммен өлшеу қаншалықты шынайы? Мысалы үшін орта ғасыр ескерткіштерінде осы шақ пен келер шақтың көрсеткіштері бірдей. Сол секілді қазіргі түркі тілдерінің өзінде өткен шақтың, осы шақтың және келер шақтың бірнеше түрлері бар. Шынайы дүниедегі уақыт пен грамматикалық шақ категориясы бір-бірімен толық сәйкеспесе де, бір-бірімен байланысты ұғымдар. Сондықтан да орта ғасыр жазба ескерткіштері тілін зерделегенде шақ формаларының осыған дейін және осыдан кейін жүзеге асқан немесе асатын амал-әрекеттерді білдіретін формалар болып жіктелгендігін көреміз.

Мақалада мәмлүк қыпшақ тіліндегі шақ категориясы жасайтын қосымшалардың функционалдық және тұлғалық еркешеліктері мен қолдану жиілігі, даму жолдары секілді мәселелер қарастырылады.

Кілт сөздер: мәмлүк қыпшақ тілі, шақ категориясы, грамматикалық форманттар.

Аннотация: Категория времени – грамматическая категория глагола, которая представляет собой связанность периода реализации действия с временем разговора, то есть с настоящим временем. Однако, насколько правильно делить период реализации действия на прошедшее,